



# ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 40/632

04 октября 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### МУҒАЛІМДЕР КҮНІМЕН!

#### ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР, БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің парасатты әрі ауыр еңбектеріңіз қоғамда лайықты құрметке ие. Кез-келген адамның тұлға ретінде қалыптаса бастауы кезінде жанынан табылатын да, өз бетімен ойлау, дұрыс шешім қабылдау, өзі жасаған таңдау үшін жауапкершілікті мойнына алуды үйрететін де сіздер.

Құрметті мұғалімдер мен оқытушылар, сіздерге өз кәсіптеріңізге деген адалдықтың бастауымен оқытушыларыңызға сыйлайтын жан жылулықтарыңыз үшін шын көңілімізбен ризашылығымызды білдіреміз. Қаламыздың білім беру жүйесін дамытуға және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосқан педагогикалық еңбек ардагерлеріңіз ерекше алғысымызды білдіргіміз келеді. Көп жылғы тәжірибелеріңіз, даналықтарыңыз бен төзімділіктеріңіз алдағы уақытта да күрделі кәсіби міндеттерді шешуде сіздерге жәрдем беретініне сенімдіміз.

Осындай мереке күні Сіздердің дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілейміз!

Құрметпен

Қала әкімі  
мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков

### С ДНЕМ УЧИТЕЛЯ!

#### УВАЖАЕМЫЕ УЧИТЕЛЯ, РАБОТНИКИ СФЕРЫ ОБРАЗОВАНИЯ, ВЕТЕРАНЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТРУДА!

От всей души поздравляем Вас с профессиональным праздником — Днем учителя!

Ваш благородный и нелегкий труд пользуется заслуженным уважением в обществе, он требует высочайшего профессионализма, огромных душевных сил, мудрости, терпения и самоотдачи. Именно вы стоите у истоков становления личности, учите самостоятельно мыслить, принимать правильные решения, нести ответственность за свой выбор.

Позвольте выразить вам, дорогие учителя и преподаватели, самые искренние слова благодарности и признательности за верность своему профессиональному долгу, душевную теплоту, которую вы ежедневно дарите Вашим ученикам. Особо хочется поблагодарить ветеранов педагогического труда, внесших неоценимый вклад в развитие системы образования города и воспитания подрастающего поколения. Убеждены, что опыт, мудрость и терпение позволят вам и впредь решать серьезные профессиональные задачи. Пусть этот праздничный день принесет вам массу положительных эмоций.

Желаем Вам здоровья, оптимизма, творческих успехов и благополучия!

Суважением

Акима города  
Секретаря маслихата

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков



## АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ ЕСІМІ МӘҢГІ ЕСТЕ



Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан, «Ұстаз» деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін, Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі, Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол – нағыз ұстаз... Бұл ұстаздар туралы айтып кеткен, өздері де ұлы тұлғалар болған жандардың қанатты сөздері. «Ұстаз» деген осы бір ауыз сөзді естіген шақта бар жан-дүниеніңді ақтарып, ой теңізіне, қиял кемесімен балалық атты әдемі әлемге қалай сүңгіп кеткенінді де аңғармай қаласың! Себебі, алғашқы ұстазыңды есіңе алғанда, ең алдымен көз алдына құлдыраңдаған саби кезіндегі алғаш мектеп атты үлкен орданың есігін имене ашып, жүрегің дүрсілдей, алдында мейірлене

күліп, жылы жымыған ағайынның жүзіне өзіңше балалық сақтықпен барлай көз тастап, өз балалық таным-түсінігіңе сай зерттеу жасай бастайсың... Ұстаздың бар бітім-болмысы, тұлғасы, жүріс-тұрысы, сөз саптау мәнері, дауыс ырғағы, бәрі-бәрі балалық пәк жүрегіңнің түкпірінен орын ала берері сөзсіз. Арада сынаптай сырғыған зымыран-уақыттың жалына жармасқан мектептегі бал-балалық сәттерің сыңғырлаған күміс қоңырау үнімен бірге қол бұлғап қостасып, өмір айдынына қанат қағасың... Жігіттік, бойжеткендік, кемел шақтық өмір өлшемдері саған берілген ғұмыр беттеріне өз өрнегін салған шақтарда, артына бір сәт ойша көз жүгіртіп, тәтті естеліктерге толы өзің өтіп кеткен аялдамаларға қайта ораласың... Ия, мұның бәрін неге айтып отырмын, себебі мен де барша екі аяқты пенделердей сол балалық шаққа саяхат жасау арқылы – алғашқы ұстазымды есіме алғым келеді...

Мен сонау 1968-жылғы 1-қыркүйекте Далақұдық деген алпыс үйлі ауылдағы бастауыш мектептің 1-сыныбының табалдырығынан аттаған 5-6 шәкіртің бірі едім. Әлі есімде, қап-қара бешпент-шалбар киген, мойнына көк галстук таққан Нұрлыбай ағай біздерді сапқа тұрғызып, алғашқы қоңырау салтанатынан кейін сыныпқа кіргізді. Екі бөлмелі қоржын тамның оң жақтағы бөлмесі бізге бұйырды. Мектепке жетектеп әкелген әжемнен тығыла отырып, ағайға сәл

қорқынышпен, жүрегіңе қарап отырғанымыз...

Себебі, Нұрлыбай ағайдан ауылдың үлкен адамдары да иынып, құрметтеп жүретін, тым сұсты кісі болатын. Дегенмен, бізге бар бойындағы ерік-жігерін аямай, шәкірттерін білім әлеміне қызықтырып, оқытып қана қоймай, өнерге де жанын салып үйрететін. Мектепте өтетін барлық шараларға бізді өзі әзірлеп, көркемсөзді дауыс ырғағын келтіріп, мәнерлеп оқуға, ән салсақ даусымыздың ырғағына өте қатал талап қоя білетін және жалықпай үйрететін! Тіпті үзіліс кездерінде де қызықты ойындар ойнатып, немесе әдемі ертегі, әңгіме кітапшаларын таратып беріп, сурет, еңбек сабақтарында әдемі ойыншықтар жасауға үйрететін және сондай қызықтыратын! Ағайынның тапқырлығына, бәрін білетіндігіне, қолынан бәрі келетініне ерекше таң қалатынымын. Іштей «мен де ағайым сияқты боламын» деген балалық арманым болған. Бұл – шәкіртің жүрегінен ұмытылмастай орын алған Ұстаз тұлғасының Ұлылығы емес пе?! Мақтанғаным емес, сол ағайынның жағатқан кейбір өлеңдері менің әлі есімде. Бұл да ұстаз еңбегінің бала санасына өшпестей жазылған еңбегінің куәсі болар.

Арада қанша жылдар өтсе де мен алғашқы ұстазымның орта бойлы мығым тұлғасын, қызыл шырайлы өңі мен сұстылау жүзін мәңгі ұмытпаймын! Нұрлыбай Шамұратов ағайым менің идеалым болып мәңгі

қала береді! Бұл күнде мен де сол балалық арманым орындалып, аз уақытқа болса да ұстаз атандым. Бірақ, сол өзімнің алғашқы ұстазымдай қаншалықты бола алдым, білмеймін. Себебі, алғашқы ұстазым мен үшін қайталанбас, сан қилы дарын иесі, білімдар, ғазиз жан! Бастауыш сыныптағы үш жылда мен осы адамға ұқсауға тырыстым және сабақта озат болдым. Нұрекең маған көп өлең оқытатын, салған суреттерімді балаларға мақтана көрсететін. Өкініші мен қуанышы алмағайып араласқан мынау өмірден алғашқы ұстазымның ерте кеткені өте өкінішті! Әйтпесе, ол кісінің алар асуы, шығар тауы биік болатынына кәміл сенімді едім. «Шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген дана халқымыз. Бұл күндері ағайымның алдынан түлеп ұшқан қаншама шәкірттері оның ізгілікке толы ұстаздық жолын жалғастыруда. Олар барда, сіз де барсыз, ұмытылмайсыз! Сіздің адами болмысыңыз, дегдар тұлғаңыз ешқашан аласармай, рухыңыз мәңгі биікте болады, асыл жан, аяулы ұстаз! Бұл мақалам сізге деген шәкірттік ескерткішіміз болсын!

Сөз соңында, кіріп келген «Ұстаздар күні» мерекесімен қаламыздың барша ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтап, олардың қиын да, қызықты мамандықтарында зор денсаулық, шығармашылық жетістік тілеймін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

## ӘРІШТЕСІМІЗДІҢ ЖАҢА КІТАБЫ

Жерлесіміз, әріптесіміз, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабековтің «Қоржынтүбек – құт мекен» аталатын прозалық жаңа кітабы жарыққа шықты.

Бұл кітап аймағымызға ғана емес, Республикалық газет-журналдар арқылы танымал журналистің Қарағанды қаласындағы «Гласир» баспасынан шығарып отырған екінші жинағы. 2013-жылы аталған баспадан «Көңіл күнделігі» атты жыр жинағы шыққан болатын. Жерлес ақын-журналистің осы үшінші кітабы болып саналады. Кітапта негізінен өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласының тарихы, осындағы және өзге де кейіпкерлерінің өмірбаяны, қызметі, тыныс-тіршілігі мақалалар, очерк-



тер мен естеліктер арқылы баяндалған. Қызықты танымдық мақалалар, сын және түйткілді ой қоғайтын мақалалар мен сұқбаттарға да кітаптан кең орын берілген. Кітап қалың оқырманға арналыпты. Кітаптағы шығармаларға қарап отырып, автордың көп ізденгенін, жазу барысында барынша еңбектенгенін байқайсың.

Әріптесіміз және жерлесіміздің кітабы қазір қалалық кітапханаға, мектептердің кітапханаларына таратылуда және кітапқұмар жандарға сатылуда. Н.Қыдырмұратұлын редакция ұжымы атынан кезекті шығармашылық жетістігімен құттықтаймыз!

Бегазы КЕНЖЕБЕКОВ,  
«Приозерский вестник»  
газетінің редакторы



## АҚЫН РУХЫНА АРНАЛДЫ

Қыркүйек айының 18-19 күндері Қарағанды қаласында С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған халықаралық ақындар айтысы өтті. «Nur Otan» партиясы қолдау білдіріп, Қарағанды облысы әкімдігі ұйымдастырған сөз сайысына 18 ақын қатысқан. «Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық Одағы» РҚБ төрағасы Ж. Ерман жүргізген айтысты «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбек қорытындылап, Бас жүлделерді табыстады. Сонымен, екі күндік аламан айтыстың қорытындысы төмендегіше: Қазылар алқасының құрамы: А.Әшімов, ҚР Еңбек Ері, КСРО Халық әртісі (Төраға) Ә.Беркенова, Қазақстанның Халық ақыны Н.Жүсіп, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Құрмет» орденінің иегері С.Ақсұңқарұлы, ақын, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Ғ.Жайлыбай, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қ.Асанов, ақын, Филология ғылымдарының докторы, А.Элтай, ақын, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Филология ғылымдарының докторы Б. Халиолла, ақын, Қ.Мырза-Әлі атындағы орталықтың директоры.

Қазылар алқасының шешімімен қос бәйге үлестіріліп, нәтижесі төмендегіше болды:

Бас жүлде екеу – қарағандылық М.Ақанов пен Елордадан Ж. Бұлғақов. 1-орын Т.Жаманов (Қарағанды), Ө.Көпбосынов (Қарағанды), Б.Ширмедінулы (Орал). 2-орын – М.Ниязов (Қызылорда), – Д.Қами (Қарағанды), 3-орын – Б.Шойбеков (Түркістан), А.Қалиев (Арқалық), Ә.Ережеқызы (Нұр-Сұлтан), Н.Мансұров (Нұр-Сұлтан), Б.Әділбек (ҚХР). Сондай-ақ айтыста екінші айналымға шыққан ақындарға да арнайы жүлде табыс етілді. Айтыстың ақпараттық демеушісі және халыққа көрсететін «QAZAQSTAN» ұлттық арнасы. Естеріңізге сала кетейік, «Nur Otan» партиясы, «Қазақстан» РТРК АҚ және «Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Осыған сәйкес айтыстарды тарату құқығы тек «QAZAQSTAN» ұлттық арнасына тиесілі екенін айта кеткіміз келеді. Яғни, қазақстандықтар алдағы уақытта аталған айтысты көгілдір экран арқылы тамашалай алады. Осынау аламан айтысқа

өзек болған Сәкен кім болған?

Сәкен Сейфуллин (Сәдуақас) (1894-1938) – қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын, қоғам, мемлекет қайраткері. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиеті, әсіресе қазақ поэзиясы Абайдың ақындық мектебінің әсер-



менгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезінің делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз

менгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезінің делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз

көп жаңалықтар енгізді. Өлеңнің түрі мен мазмұнында түбегейлі өзгеріс жасап, қазақ халқының поэтикалық дәстүрін дамытты. С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. «Көкшетау», «Қызыл ат» дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Қызыл атта» 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеу оқиғалары сыналады. «Ақсақ киік», «Аққудың айрылуы» шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлерін суреттейді.

С.Сейфуллин проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында көрнекті еңбек етті. «Жұбату» әңгімесі Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. «Жемістер, «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» туындыларында замандар өмірі бейнеленген. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгіге қарсы күресін «Тар жол, тайғақ, кешу» атты тарихи-мемуарлық романында көрсетеді. Публицистика саласының дамуына қосқан еңбегі баға жетпес. Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен де шұғылданды. Оның қатысуымен «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», «Батырлар», «Ақан сері - Ақтоқты», «Ләйлі - Мәжнүннің» қазақша аудармасы жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» кітабы - осы саладағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Халық әдебиеті материалдарын мол жинап, пайдаланған бұл зерттеуінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасайды. Жазушының шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылған.

Ол 1936-жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. 1938-жылы қуғын-сүргінге ұшырап, Алматыда атылды. 1958-жылы ақталған. С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. 1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы) С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істеді. Нұра ауданының орталығы Киевка кентінде оған арналған ескерткіш орнатылған.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
ҚРЖО мүшесі, ақын.

## ЖАҢА КІТАПТИҢ ТҰСАКЕСЕРІ БОЛДЫ

Приозерск қалалық кітапханасындағы «Білім орталығында» жерлесіміз, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы



баспасынан шыққан кітапқа әртүрлі мазмұндағы еңбектері енген. Сөз кезегі алғаш болып ақын-журналистің өзіне берілді. Ол кісі қатысушылар алдында журналистика саласы мен ақындық жолға түсуі, балалық шақтан бастау алған, әжесінің және ауыл ақсақалдарының ертегі-аңыздарын есітіп өскендігі және сонау балалық кезеңіндегі кітапқұмарлығының арқасында аталған салаға бағытталған асыл арманының жүзеге асуы туралы қызықты әңгіме өрбітті. Жоғарғы сынып оқушыларына арнап өзінің ақыл-кеңесін айтты, кітап оқудың адам жанына рухани азық сыйлайтынын, өмірде кітаптың көп пайдасы тиетінін ескертті. № 2 мектептің оқытушысы Мария Баймұратқызы Давлетиярова автордың жаңа шыққан кітабымен құттықтап, тілегін

баспасынан шыққан кітапқа әртүрлі мазмұндағы еңбектері енген.

баспасынан шыққан кітапқа әртүрлі мазмұндағы еңбектері енген. Сөз кезегі алғаш болып ақын-журналистің өзіне берілді. Ол кісі қатысушылар алдында журналистика саласы мен ақындық жолға түсуі, балалық шақтан бастау алған, әжесінің және ауыл ақсақалдарының ертегі-аңыздарын есітіп өскендігі және сонау балалық кезеңіндегі кітапқұмарлығының арқасында аталған салаға бағытталған асыл арманының жүзеге асуы туралы қызықты әңгіме өрбітті. Жоғарғы сынып оқушыларына арнап өзінің ақыл-кеңесін айтты, кітап оқудың адам жанына рухани азық сыйлайтынын, өмірде кітаптың көп пайдасы тиетінін ескертті. № 2 мектептің оқытушысы Мария Баймұратқызы Давлетиярова автордың жаңа шыққан кітабымен құттықтап, тілегін

баспасынан шыққан кітапқа әртүрлі мазмұндағы еңбектері енген.

баспасынан шыққан кітапқа әртүрлі мазмұндағы еңбектері енген. Сөз кезегі алғаш болып ақын-журналистің өзіне берілді. Ол кісі қатысушылар алдында журналистика саласы мен ақындық жолға түсуі, балалық шақтан бастау алған, әжесінің және ауыл ақсақалдарының ертегі-аңыздарын есітіп өскендігі және сонау балалық кезеңіндегі кітапқұмарлығының арқасында аталған салаға бағытталған асыл арманының жүзеге асуы туралы қызықты әңгіме өрбітті. Жоғарғы сынып оқушыларына арнап өзінің ақыл-кеңесін айтты, кітап оқудың адам жанына рухани азық сыйлайтынын, өмірде кітаптың көп пайдасы тиетінін ескертті. № 2 мектептің оқытушысы Мария Баймұратқызы Давлетиярова автордың жаңа шыққан кітабымен құттықтап, тілегін

## Оқырманға тарту

қатысу бұйырғанын жақсы ырымға жорып, ақ тілегі мен жылы лебізін арнады. Приозерск қаласының тарихы, қаланың өсіп-



өнуіне сүбелі үлес қосқан әртүрлі саладағы еңбек адамдары жайындағы мақалалары және басқа да кейіпкерлердің өмір тарихын қамтыған мақалалар, очерктер мен естеліктер оқырман тарапынан жылы қабылданады деп ойлаймыз. Тұсақесер соңында журналист-ақын осында жиналған оқырмандарымен естелік суретке түсті.

Өріптесіміз және жерлесіміздің кітабы қазір қалалық кітапханаға, мектептердің кітапханаларына таратылуда және кітапқұмар жандарға сатылуда. Н.Қыдырмұратұлын редакция ұжымы атынан кезекті шығармашылық жетістігімен құттықтаймыз!

**Шолпан ҚОЗЫГЕЛДИЕВА,**  
кітапхана әдіскері.  
Суреттерде: тұсақесерден көріністер.





## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ,  
КОНКУРС!

«Приозерск қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бөлімінің азаматтық қызметші инженер - электрик бос лауазымына конкурс жариялайды

**Функционалдық міндеттері:** Қала бойынша көп қабатты тұрғын үйлердегі электр-щиттердің нормаға сәйкес жұмыс істеуін тексеру, өндірістік электр жабдықтарын жөндеу немесе ауыстыру, электр сымдарын ауыстыру, тұрғын үйлердің толық қанды электр энергиясымен қамтамасыз етілуін, аймақ аралық электр жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етумен байланысты кешенді жұмыстарды жүзеге асыру, қала тұрғындарының электр энергиясына сұранысын қанағаттандыру, керекті нормативтік құжаттардың толтырылуы, тұрғын үйлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру және үздіксіз қамтамасыз етуді бақылау.

**Жалпы біліктілік талаптары:**

**Білімі:** жоғарғы немесе орта (электрик немесе электр) және білімі 4- топ. 1000-ге дейін қауіпсіздік техникасы бойынша. Электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету тәжірибесі.

Топ	Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы
4 дәреже	54 701

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:** конкурсқа қатысу үшін өтініш; мемлекеттік және орыс тілінде түйіндеме; еркін нысанда жазылған өмірбаяны; білімі туралы құжаттың көшірмесі; белгіленген тәртіпте құландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі; денсаулығы туралы анықтама жергілікті «Приозерский Вестник» газетінде хабарландыру жарияланғаннан кейінгі 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекен-жайға құжат өткізу қажет: 101100, Приозерск қаласы, Пушкина көшесі 16 үй, №1 каб.

Анықтама телефоны: 5-28-57, 5-47-19.

«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ

## Токсико-инфекциялық аурудан сақтаныңыз!

## БОТУЛИЗМ

**Ботулизм** (аллантиазис, ихтизм) – ботулотоксиннің әсерінен дамиды, сопақша ми және жұлынның зақымдалуымен сипатталатын жедел токсико-инфекциялық ауру.

**Ботулизм** – барлық жұқпалы аурулар арасында сирек кездесетініне қарамастан ол өзекті мәселелі ауру. Барлық елдердегідей, Қазақстанда да ботулизммен аурудың басым көпшілігі (89-90%) үйде дайындалатын тағам өнімдерінің (маринадалған саңырауқұлақтар, көкөніс консервілері, үйде дайындалған балықтар т.б.) пайдалануымен байланысты.

**Жұғу жолы:** алиментарлы, токсин дамыған тағамдық азықтар арқылы (үйде консервіленген ет, көкөністер, саңырауқұлақтар, тұздалған және қақталған балық).

**Этиологиясы** – коздырғышы Clostridium botulinum - Clostridium тегіне, Bacillasea тұқымдастығына жатады. Бұл коздырғыш анаэробты, спора түзетін таяқша.

**Клиникалық көріністері** – Ботулизмнің жасырын кезеңі 2-12 сағаттан 7 күнге дейін созылады, жиі 18-24 сағат.

Ботулизм жедел басталады.

Интоксикация синдромдары: бас ауыруы, бас айналуы, бұлшықеттердің әлсіздігі, тез шаршағыштық, ұйқысыздық.

Гастроинтестинальды синдромның көріністері: жүрек айнуы, қайталама құсу, іш өту, ауамен кекіру, іштің кебуі. Көрудің нашарлауы, көздің алдында тордың пайда болуы.

Ботулизмнің алдын алу мақсатында Приозерск қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандары мен жаппай уланудың алдын алу жұмыстары бойынша іс шаралар өткізіліп, қадағаланып отырады. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде қала тұрғындарымен, бала бақша асханасының жұмыскерлерімен, қоғамдық тамақтану және сауда объектілерінің жұмыскерлерімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Приозерск қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы

## АҚПАРАТТАНДЫРУ

Приозерск қаласының ПБ қала тұрғындарына Елбасымыздың 2019 жылғы 16 наурыздағы тапсырмасымен этникалық қазақтардың оралман мәртебесін жеңілдетілген тәртіппен алуын 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту туралы шешім қабылданғандығын хабарлайды.

Осыған байланысты оралман мәртебесінің мерзімін ұзарту туралы шешімді алу үшін **Қарағанды қаласы, Ержанова көшесі, № 47/3 үйде** орналасқан «Қарағанды облысы бойынша жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-не жүгіну қажеттілігін хабарлаймыз.

Шешімді алған соң қажетті құжаттардың тізімімен және Қазақстан Республикасы азаматығын алу үшін рәсімделген өтінішхатпен тұрақты мекенжайы бойынша көші қон қызметіне жүгіну қажет.

Приозерск қаласының ПБ

**Собственник: ИП Струментов А.В.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.  
**Справки по тел.:** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 40/632. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

ВНИМАНИЕ,  
КОНКУРС!

Государственное учреждение "Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск" объявляет конкурс на занятие вакантной должности гражданского служащего инженера-электрика отдела

**Функциональные обязанности:** осуществление комплекса работ, связанных с обеспечением полноценной электроэнергией жилых домов города, стабильной работы внутри домовых электрических сетей и щитовой, удовлетворение спроса населения города на электрическую энергию, заполнение необходимых нормативных документов, удовлетворение спроса населения города на энергию, организация и контроль за бесперебойным обеспечением жилья электроэнергией.

**Общие квалификационные требования:**

**Образование:** высшее или среднее (инженер-электрик или техник-электрик) и наличие 4-й группы по технике безопасности до и свыше 1000В.

Опыт работы по обслуживанию электроустановок.

Группа	Должностной оклад в зависимости от выслуги лет
4-ая группа	54 701

**Необходимые для участия в конкурсе документы:** заявление на участие в конкурсе; резюме на государственном и русском языках; автобиография, написанная в произвольной форме; копия документа об образовании; копия трудовой книжки, заверенная в установленном порядке; справка о состоянии здоровья, сдать в течение 15 календарных дней после опубликования объявления в местной газете «Приозерский Вестник» по адресу: 101100, г. Приозерск, ул. Пушкина, 16, каб. № 1.

Телефон для справок: 5-28-57, 5-47-19.

ГУ " Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск"

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

## МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

**ШАҒЫН НЕСИЕ**

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!

**ЭВЕРЕСТ Финанс**

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!  
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

**МИКРОКРЕДИТЫ**

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.  
МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

## НЕДВИЖИМОСТЬ

\*\*\*

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.

Возможен торг.

г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м<sup>2</sup>

Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.

Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки

Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

## УВЕДОМЛЕНИЕ

ОП г. Приозерск уведомляет жителей о том, что в соответствии с поручением Главы Государства от 16 марта 2019 года, этническим казахам продлен статус оралмана до 31.12.2019 года, независимо от срока истечения, с целью дальнейшего приобретения гражданства Республики Казахстан в упрощенном (регистрационном) порядке.

В этой связи, уведомляем о необходимости обращения для получения решения о продлении статуса в ГУ «Управление координации занятости и социальных программ Карагандинской области» по адресу: **город Караганда, улица Ержанова дом 47/3.** После получения решения необходимо обратиться в миграционную службу по месту постоянной регистрации за перечнем необходимых документов и оформлением ходатайства на принятие в гражданство Республики Казахстан.

ОП города Приозерск